

Газет 1994 жылғы қаңтардың 28-інен шыға бастады.



# ТҮРКИСТАН

rtu: turkistan\_gazetesi@mail.ru  
www.kz

Халықаралық сипаттағы

# Тарихта оңтүстіктің ұмытылмас орны бар

Ежелгі дәуірден бастап күні бүгінге дейінгі қазақ халқына қатысты айтулы даталарға айналған, көне жазбаларға түскен қандай да бір тарихи оқиғалар мен деректерді алсаңыз да, көбінің оңтүстік өлкесімен тығыз байланыста екенін байқайсыз. Кәрі тарихқа ден қойсақ, осыдан 21-23 ғасыр бұрын осы күнгі қазақтардың алғашқы мемлекеттілігінің негізін құрған Үйсін, Қаңлы, Алазон (Алшын), Аримаспи, Массажет жұрттарының басым бөлігі қазіргі Қазақстан-ның шартты түрде оңтүстік өлкесі деп аталатын Алматы, Жамбыл, Қызылорда облыстарының аумағын жайлаған. Қазақтың арғы тегі – түркі тайпаларының әу бастағы түп қонысы Алтай мен Моңғолия, батыс Қытай жері десек те, олардың кейінгі дамуы, өсіп-өну жолдары Әму мен Сыр, Ыстықкөл мен Арал, Жетісу мен Балқаш аймақтарымен байланысты. III-IV ғасырларда ыдырау жолына түскен ұлы ғұндар елінің жан-жаққа жөңкіген лек-лек көштері де тура оңтүстікпен өткен. Ертедегі батыс пен шығысты, сондай-ақ ат пен түйе тұяғы жетер барлық тарапты қамтыған ұлы Жібек жолының да негізгі торабы да – осы аймақ. Оның қиыр-қиырға жол тартқан тізбекті керуендері де, жоғарыда аталған аймақтармен ары-бері сапарлаған. Тіпті, алыс елдерге айлап, жылдап жол жүретін керуендер бағыт-бағдарларын да оңтүстік тараптан айқындаған. Қазақстанның басқа өңірлеріне қарағанда алғашқы һәм ежелгі – Испиджаб (Сайрам), Иасы (Түркістан), Тараз, Баласағұн, Сұяб, Сауран, Сығанақ, Шаш, Құмкент, Құрлық, Жанкент, т. б. ортағасырлық және одан бұрынғы замандардағы қалалар да осы өлкеде пайда болған. Барлық түркі жұртының түп-тірегі – Сақ деп аталған ұлы жұрттың да мәдени ескерткіштері, обалары мен қорғандары оңтүстік алапта тізіліп тұр. Бұлармен қатар Ташкент пен Жаркент арасына дейін доғал түрде созылып жатқан тау етегіндегі жазық-қырлар төсінде, өзендер мен сулы аңғарлардың жағасында көне үйсін обалары да неше мыңжылдықтың тарихи куәсі ретінде күні бүгінге дейін бұзылмаған қалпын сақтап, самсап тұр.

Негізгі жұрты қазіргі қазақтардың ата-бабалары болып есептелетін тайпалар қауымдастығынан құралған Батыс Түркі қағанаты да, оңтүстік өңірде өмір сүрген. Одан кейінгі Түркеш, Қарлық, Қарахан, бес Дулу мен бес Нушибе боп бөлінген он оқ қағанаттарының тарихы да түстік тараппен байланысты. Осылардың барлығы қазақ боп қалыптасу жолына бет бұрған түркі тайпаларының түп-қазық отаны – оңтүстік алабы болғанын айқындайтын тарихи айғақтар.

XVIII ғасырдан бастап бүгінгі Қазақстан жері мен күллі Орталық Азиядағы, қала берді, қазіргі Кавказ, Иран, Ирак, сондай-ақ шығыс Еуропа өлкесіндегі халықтар тарихын мүлдем басқа арнаға бұрған һәм жаңа мемлекеттердің қалыптасуына зор ықпалын тигізген Шыңғыс ханның батысқа қарайғы қанқұйлы шапқыншылығы да Балқаштың түстік тарапындағы Жетісудан бастау алып, оның алғашқы шайқастары бүгінде Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан деп аталып жүрген облыстардың аумағында өткен. Сол шайқастарда аталмыш аумақтардағы нешеме ірілі-ұсақты қалалар жермен-жексен болды. Олардың бәрін тізбелей бермей, 1219 жылы өткен атақты Отырар соғысының

уақиғасын ғана айтсақ, оңтүстіктің қазақ тарихында қандай маңызға ие болғаны – өз-өзінен әйгіленіп шыға келмек.

Орта Азия мен Қазақстанда Шыңғыс хан әулеттері билік құрған кезде оңтүстік өңірі Шағатай ұлысына қараған. 1348 жылы Шағатай ұлысы ыдыраған кезде Қашқар, Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Ташкент, Ферғана өңірлеріндегі ру-тайпалар жаңадан пайда болған Моғолстан хандығына қарады. Моғолстан жұртына Шағатай ұрпақтары хан болып танылғанымен, іс жүзінде барлық билік жоғарыдағы аймақтардың ежелгі тұрғындары боп саналатын қазақ руларының, әсіресе Дулат тайпасы көсемдерінің қолында болғаны тарихи шындық. Кезінде Шыңғыс ханнан да асып түсемін деп, жарты әлемге ойран салған Ақсақ Темір де алғашқы және басты шайқастарын дәл осы Моғолстан жерінде бастаған. Ақсақ Темір салған ылаңның кесірінен Моғолстан екіге бөлініп, Ташкент пен Жетісу, Балқаш пен Алатау аралығы Маңғылай Сүбе аталды. Маңғылай Сүбенің орталығы һәм нақ ортасы қазіргі Оңтүстік Қазақстанда болды және халқының бәрі қазақ руларынан тұрған. Олар – Моғолстан атын иемденіп, батыс Қытай, Қашғар мен Қырғыз жерлерін билеп отырған хандармен де, Ақсақ Темір қосындарымен де көп алысқа түсті. Камараддин Дулати басқарған Маңғылай Сүбе жұртының әскері 1371-72 жылдары Тараз, одан кейінгі кезеңдерде Сайрам, Арыс, Қазығұрт, Келес маңында Ақсақ Темір қосындарына айтарлықтай тойтарыс берген. Бірақ уақыт өте келе, Ақсақ Темір басымдық алып, Ташкенттен Қаратауға дейінгі алапты түгел жаулады. Бұдан кейін басты бағытын батыс пен солтүстікке бұрған Ақсақ Темір Тараз бен Жетісу тарапқа бас бұрмады. Дегенмен өмірінің соңында онсыз да тарихы бай оңтүстік өңірінің атын әлемге тағы бір әйгілейтін тарихи ескерткіш – Түркістандағы Қожа Ахмет Йассауи кесенесін салдырып кетті.

XV ғасырдың алғашқы жартысында бұрынғы Көк Орда жерінде билікке жеткен Шайбан тұқымы Әбілхайыр көшпелі өзбек хандығын құрды. Құзырындағы аумақты барынша кеңейтуге кіріскен Әбілхайыр Маңғылай Сүбе жеріне де бірнеше рет шабуыл жасап, Созақ, Сығанақ, Аққорған, Өзкент қалаларын басып алды. Ақсақ Темір өлген соң Маңғылай Сүбе құрамына қайта кірген Шымқала мен Сайрам, Шаш пен Келес аймағына да ойран салып, жергілікті тұрғындардан жүздеген мың мал айдап әкетті. Бірақ Әбілхайыр билеген көшпелі Өзбек хандығының Оңтүстік Қазақстан жеріндегі билігі мен шапқыншылығы тұрақсыздыққа әрі баянсыздыққа ұшырады. 1455 жылы Ертістің оң тарапы мен Хангай тауларының етегінде бір ортаға ұйысқан ойраттар (қалмақтар) Іле мен Балқаштың күнгей жағын көктей өтіп, Әбілхайыр иелігіндегі Қаратау өңіріндегі қазақтарды шапты. Әбілхайыр ойраттарға жөнді қарсылық көрсете алмай, Сығанақ қаласының қамалына тығылды. Ешкімнен тойтарыс алмаған ойраттар Тараз, Түркістан, Шымкент, Ташкент маңайын әбден тонап, көп олжамен кері қайтты. Міне, ойраттардың нақ осы шабуылы – келешекте екі жүз жылға ұласқан қазақ-қалмақ шайқасының алғашқы бастамасы еді.

Жоғарыда келтіріп өткен деректеріміз – XV ғасырдың алғашқы жартысына дейін оңтүстікте болып өткен тарихи оқиғалардың тізбегі. Әлбетте, уақыт шаңына көмілген ілкі күндердегі тарихи оқиғалар, жоғарыдағы біз келтірген шолақ-шолақ мәліметтермен ғана шектелмесі анық. Әлгіндей шолақ-шолақ мәліметтердің астарында қаншама сырлы дүниелер жатыр. Тағы да сондай шолақ мәліметтермен сөзімізді сабақтасақ, тап бүгінде егемендікке қол жеткізген қазақ елінің әу бастағы

өз алдына ірге көтеріп, уық бекіткен жері де – 1936 жылға дейін Оңтүстік Қазақстан облысы аталып, соның құрамына кірген – Шу өңірі. Демек, елдігіміздің алғашқы туы көтерілген, шаңырағы бекітілген жер – Оңтүстік алабы.

1465 жылы Жәнібек пен Керей бастаған Алаш елі еңсе көтергелі бес ғасырдан астам уақыт ішінде қазақ халқы, оның бір бөлшегі саналатын оңтүстік өлкесінің жұрты қандай замандарды бастан өткермеді десеңізші. Керей мен Жәнібек мұнда Қазақ Ордасының негізін қалады. Жаңа орданың алғашқы ханы Керей (1456-70 жылдардың шамасында хандық құрды), одан кейін Жәнібек (хандық құрған тұсы 1471-80 жылдар) ел тізгінін ұстады. Жәнібек тұсында Қазақ ордасының ауқымын кеңейту, жан-жақтағы аймақтардағы тегі Алашқа жататын руларды бір ортаға ұйыстырып, оларды бір ханға бағынатын жеке ел ету үшін алғашқы қадамдар жасалды. Оның тұсында түп-тірегі Алаш боп саналатын тайпалар қоныстанған Сыр бойындағы қалаларды қазаққа қарату үшін Мәуреннахр және Ташкент билеушілерімен көптеген шайқастар жүргізілді.

Жәнібектен кейін хан сайланған Бұрындық ата жұртқа қарасты аумақты одан ары кеңейтуге кірісті. Ол кезде Мәуреннахрда Ақсақ Темір әулеті билік құрған әрі Сырдың ұзына бойы мен Қаратаудың күнгеі, Қазығұрт, Түлкібас аймағы сол әулеттің құзырында болатұғын. Бұрындық таққа отыра салысы- мен-ақ, Жәнібектің ісін жалғастырып, аталмыш өңірлерді Қазақ хандығының құрамына қосуға ұмтылды. Бірақ Мәуреннахр билеушілері ол аймақтарды Бұрындыққа оңайлықпен бере салмақ емес-ті. Соған қарамастан, Бұрындық өз мүддесіне жету жолында талай жыл олармен алысқа түсті. Алайда мақсатына толық қол жеткізе алмады. Десе де, ол Керей мен Жәнібектен басталған асыл мұрат – Сыр бойы мен оңтүстік алаптағы Алаш балаларын жаңа хандықтың туы астына кіріктіруге жанталасып бақты және келешекте аталған аймақтар Қазақ ордасының құрамында болу керектігін өз әрекетімен меңзеп кетті. Бұдан шығатын қорытынды – Оңтүстік өлкесі ұлтымыз тұңғыш рет жеке ел ретінде ту тіккен түп-қазық мекен ғана емес, сонымен бірге оның жері мен қонысын ұлғайту мақсатында алғашқы қаһармандық шайқастар жүргізілген қасиетті өңір.

Көне тарих тәмсіліне ден қойсақ, көк шалғынды, табиғаты әсем, халқы бай, мәуелі оңтүстікті сыртқы дұшпан, әсіресе Бұқар-өзбек хандығы уысынан шығармай, біржолата иелініп қалуға қатты тырысып баққан. Осы себепті Бұрындықтан кейін хан тағын иеленген Қасым бүкіл Мәуреннахрдың тежеусіз билеушісіне айналған Әбілхайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбанимен оңтүстіктегі шұрайлы қоныс пен қалалар үшін бірнеше рет шайқасады. Мұхаммед Шайбани алдымен қазақ хандығын экономикалық қыспаққа түсіру мақсатымен көне Жібек жолының бойындағы – Тараз, Бүдекент, Құрлық, Сайрам, Шарапхана, Сауран, Түркістан, Созақ, Саудақент, Сығанақ қалалары арқылы өтетін керуендерге тосқауыл қояды. Одан соң аталған қалаларға әлденеше мәрте шабуыл жасайды. Сондай соғыстардың бірі Шымқала іргесінен ағатын Бадам жағасындағы Қасқа жазығында өткен (Абдулла Насруллаһ «Зубадат ал-асар»). Алайда анадан асып туған данагөй де қаһарман Қасым хан Шайбанидің бетін қайтарып, бұл атырапты қазақ иелігіне қалдырады. Сонымен қатар ол, 1513-15 жылдары Жетісу өңіріндегі қазіргі ұлы жүз тайпаларының негізгі жұртын Қазақ хандығының құрамына қосады.

Қасымнан кейін қазақ билігінің тізгінін ұстаған Тайыр, Тоғым, Бұйдаш хандардың тұсында (1520-1558 ж.ж.) Алаш баласы біріккен Бұқар-өзбек пен Моғолстан әскерінен жеңіліс тауып, Ташкент пен Түркістан уәлаятынан айрылады. 1560 жылы үш Арыстың маңдайына бақ боп біткен Хақназар (Ақназар) хандыққа келген кезде ғана қазақ қайтадан ес жиып, Түркістан мен Сайрам өңірін қайтарып алады. Ол кезде Бұқар ханы атақты Абдолламен ауыз жаласқан Баба сұлтан Ташкент уәлаятында жеке билік құрған еді. Шымқаланың Ташкентке қараған – Қазығұрт, Келес маңы тәрізді оңтүстік жақ алабы сол Баба сұлтан иелігінде-тұғын. Хақназар бұл алаптарды қазақтар иелігіне кері қайтарды және Бұхар шегіне аттанып бара жатқан жорық үстінде әлгі Баба сұлтанның қолынан опасыздықпен ажал құшады.

Бұл – 1550 жылдың жазында болған оқиға. Дәл сол уақытта Баба сұлтан құтырынып, қазақтың Сауран мен Созақ, Талас пен Тараз қалаларына дейінгі жерлерін басып алып, жергілікті жұртқа ауыр салықтар салады. Бірақ опасыздың жазасын әділ тарихтың өзі-ақ беретін кезі болады. Хақназар өлімінен кейін іле-шала таққа отырған Шығай хан бір жылдың ішінде баяғы Алаштың құдіретін қайта орнына келтіріп, Баба сұлтанға қарсы шығады. Алайда Шығай Қаратаудың батысындағы жазықта өткен соғыста Баба сұлтанды жеңгенімен, Сыр бойындағы қалаларды қайтаруға мұршасы келмейді. Өйткені бұл уақытта Шығай жауға жойқын жорықтар ұйымдастырып, қол бастауға тым кәрі еді. Есесіне, 1582 жылы оның орнын басқан жас Тәуекел баһадүр Баба сұлтанды өлтіреді, Бұқардың құдіретті әміршісі Абдолламен ұзақ текетіреске түседі. 1588-98 жылдар аралығында Тәуекел мәуелі оңтүстікке қарайтын өз қалаларымыз бен даламызды қайтарып қана қоймайды, Ташкент маңындағы Абдолланың әскерін жеңіп, Самарқан мен Бұқараға дейін жорық жасайды. Сөйтіп Сырдарияның екі жақ қапталындағы отызға жуық қалалармен қатар бүкіл Ташкент уәлаятын иеленеді.

XVI ғасырдың аяғында ұлы Тәуекел бекітіп берген қазақ шекарасының шеті көп кешікпей-ақ бұзыла бастады. Тәуекелден кейін қазақ тағына ортырған Есім хан да, Тәуекел кезінде елдігінен айырыла жаздаған, бірақ кейін қайта ұйысып, бұрынғы күшіне мінген Бұқар хандығымен бірнеше жыл үздіксіз соғысуға мәжбүр болады. Бұл соғыс жиырма жылға созылып, екі жақ жеті рет үлкен майданға түседі. Осы жылдар ішінде оңтүстік өлкесі талай рет қолдан-қолға өтеді. Алайда қай кездегі қарымта шабуылда да қазақтардың мерейі үстем шығады, ақыры 1624 жылы Ферғана жазығында өткен үлкен соғыста Есім хан түбегейлі жеңіске жетеді.

Солай болғанмен де, оңтүстікте мамыражай кезең орнай қоймайды. Есім хан тұсында шығыс тарапта әбден күшейген ойрат-қалмақтар Жетісуға шабуыл жасайды. 1627 жылы өзіне қарасты жауынгерді атқа қондырған Есім хан қалмақты жуасыту үшін Жетісуға аттанып, зор жеңіске жетеді. Тап осы уақытта Ташкент уәлаятының (Ташкент уәлаятына осы күнгі Сайрам, Шымкент, Арыс, Келес өңірі түгел кірген) билеушісі, қазақтың Жәнібек ханнан тарайтын Тұрсын атты билеушісі өзін хан жариялап, өз бауыры – қазақ елін, оның астанасы Түркістанды шабады. Онымен қоймай, Жетісу жақтағы ауыр жорықтан қалжырап келе жатқан Есім хан бастаған қазақ қосындарын Сайрам түбінде күтіп алып, бәрін қырып салмаққа, содан соң күллі қазақтың билігіне жетуге бекінеді. Әйтсе де, ел ішінде бүлік шығарған екіжүзді билеушіні заманынан озып туған, дара да дана хан Есім кешірмек емес. Тұрсын хан қолын Сайрам мен Түркістан түбінен түре

қуып, Ташкентке әкеп бір-ақ қамайды. Есім ханды қала түбінде қарсы алған Тұрсын қазақ аламандарының тегіреуініне екі күн де шыдас бере алмай, басы найзаға шаншылады.

Қазіргі ұрпақтар санасында берік орныққан қазақ-қалмақ соғысының ең үлкен шайқастары да Оңтүстік жерінде болған. Орталық Азиядағы үстемдік үшін қазақ-қалмақ арасындағы кенеусіз ұрыстар сонау 1520 жылдары басталып, ара-тұра аз ғана үзілістермен 1756 жылға дейін (1771 жылғы «Шаңды жорықты» есептемегенде), яғни екі ғасырдан астам уақытқа созылған. Осы екі ғасырдан астам уақыт ішінде қай кезде болмасын, Балқаш пен Жетісуды көктей өткен қалмақтар қиян-кескі шайқастарын осы Оңтүстік жерінде өткерген. Себебі түсінікті, бос жатқан даланы иемденуден гөрі экономикалық тұрғыда пайдасы зор қалалы өлкелерді егелену табысты. Қалмақтар XVII ғасырдың аяғына таман Сайрам, Қаратау, Түркістан, Келес өңірін әлденеше рет шауып, сансыз мал мен адамдарды олжалап әкетті. XVIII ғасырдың басында әртүрлі саяси жаңдайларға байланысты бұрынғы күдіретінен айырылған қазақ елі қалмақтың келесі бір – 1723-24 жылдардағы шабуылы кезінде «ақтабан шұбырындыға» түсіп, босып кетті. «Ақтабан шұбырындының» ең басты қасіретін оңтүстік өлкесі тартқан. Содан бастап қазіргі Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Ташкент облыстарының дерлік аумағын және Қызылорда мен Жезқазғанның, Семейдің солтүстік атыраптарын біржолата бауырына басуды ойлаған қалмақтар аталмыш алаптарда 25-30 жылдай, ал Жетісуда 50-60 жылдай орнығып, үстемдік құрды. 1725-40 жылдар арасында бір ғана Ташкент үшін үш рет жойқын соғыс болған. Қазақтар Ташкентті үш рет азат етіп, үш рет қалмақ иелігіне уақытша қалдырған. Бөген, Шаян, Қостұра, Төрткүл, Түлкібас, Қасқасу, Қазығұрт, Арыс, Шолаққорған аймақтарында «Қалмақтұрған», «Қалмақтөбе», «Қалмақсай», «Жоңғарсілті», «Жоңғарсілем» деп әлі күнге дейін аталатын төбе-жазықтардың атауы сол кезден қалған. Айтпақшы, 1726 жылы қазақ көсемдері қалмақ басқыншыларына шешуші соққы беру үшін оңтүстіктегі Ордабасы жерінде айтулы жиын өткізген. Бұл уақиға да, біздің өлкеміздің қазақ тарихында қаншалықты маңызды рөл атқарғанының тағы бір жарқын көрінісі.

Қалмақтар оңтүстік өңірден 1745-46 жылдары түпкілікті түрілген. Қалмақ кеткен соң Алатау мен Өгем, Қосмола мен Шыршық, Ташкент пен Келес, Созақ пен Қаратау, Әулиета мен Шу маңайында қырық жылға созылған қазақ-қырғыз қақтығысы өршіген. Ақиқатында, бұл екі бауырлас халықтың қақтығысы 1740 жылы Ташкент төңірегінде басталған. 1740 жылдары басталған бұл қақтығыстың ақыры үлкенді-кішілі майданға ұласып, оған Барақ, Бердіқожа, Ақпан, Сұраншы, Жәпек сияқты айтулы батырлар мен Абылай сұлтанның араласуына тура келген. Қырғыз шапқыншылары да қалмақтар тәрізді Оңтүстік халқына көп жапа шектірген. Тек 1779 жылы қазақ қолдарын басқарған Абылай ханның Меркі жеріндегі «Жайыл қырғыны» деген атпен қалған соғысынан кейін ғана екі ел біраз тынышталып, қазіргі шекаралары айқындалған.

Қазаққа мейлі Бұхар-өзбек болсын, Моғолстан болсын, қалмақ болсын, ең ақыры қырғыз болсын, шабуыл жасағанда олардың қайсысы болмасын, бір-ақ мүддені – қазақ жерін иелену мақсатын алға қойған.

Қалмақ заманынан 1860 жылдарға таман орыс отарлаушылдары келген уақытқа дейінгі аралықта оңтүстік өлкесі (бұған Жетісу да қосылады) сырт қараған адамға бейтарап, бейбіт кезеңде болғандай көрінеді. Әсілі, олай емес. Ташкент айналасы мен Оңтүстік қазақтары қалмақтан кейін қырғыз және әбден күшейген, Орта Азияда іргелі үш хандықтың біріне айналған Қоқан хандығының басқыншылығына ұшыраған. 1798 жылы Қоқан ханының көмегімен қашғарлық ұйғыр Жүнісқожа Төле бидің баласы Қожамжардың билігіндегі Ташкентті тартып алады. Артынша қоқандықтар өзінің жақтасы Жүнісқожаны талқандап, Ташкентті хандық иелігіне қаратады. 1800 жылдан бастап өз жерлерін кеңейтуді әрі оңтүстік қазақтарының байлығына ие болуды ойлаған Қоқан ханы Әлім 1808 жылы Шымқалаға 20 мыңдық қолмен шеру тартады. Ортақ көсемі жоқ, әр руы өз билеріне ғана бағынышты қалыпта бытыраңқылыққа түскен оңтүстіктің қазақтары қоқандықтарға айтарлықтай қарсылық көрсете алмайды. Әлім хан айналасы екі-үш жылдың ішінде Шымқаладан бастап, Түркістан, Жаңақорған, Созақ, Саудакент, Әулиеата, Ұзынағаш, Сарысу төңірегін және бүкіл қырғыз жерін тұтасымен жаулап алады. Содан 55 жыл бойы Оңтүстік Қазақстанда емін-еркін билік құрады.

Біздің қазіргі ұрпақтардың көпшілігінің санасында өткен ғасырларда қазаққа қалмақтан басқа дұшпан болмағандай ұғым орнығып қалған. Сол үшін де базбіреулер қазақтың қырғыз бен қоқан басқыншыларына қарсы күрескен кейбір батырларын қалмақ заманының қаһарманы етіп көрсетіп, шатасып жүр. Ақиқатына келгенде, Қоқан басқыншыларының қазақтарға көрсеткен зұлымдығы қалмақтардың қиянатынан кем емес. Қоқандықтар халыққа он екі түрлі салық салған. Бұл салықтар халықты күйзелтіп қана қоймады, моральдік тұрғыдан да азып-тоздырды. Осыған байланысты жер-жерде жекелеген батырлар топ құрып, қоқандықтарға дүркін-дүркін шабуылға шығады. Бірақ бірігіп, күшті әскер құра алмаған топтар үнемі жеңіліс тауып отырады.

Қоқан хандығы кезінде Оңтүстік Қазақстан жерінде алғаш рет аймақтарды басқарудың хандық жүйесі пайда болады. Бұрын қазақтың әр ауылы, өз биіне, ауыл билері ру биіне, ру билері тайпа биіне, тайпа билері төбе биге қарасты болатын. Енді бұл жүйе өзгереді. Қоқандықтар далалықтарды шаһарлық билік жүйесіне көшіреді. Ол кезде оңтүстік өлкесінде ірі-ірі Ақмешіт, Түркістан, Шымқала, Әулиеата сияқты шаһарлар болатын. Сайрам, Меркі, Ұзынағаш, Созақ, Саудакент, Шолаққорған, т.б. кенттер кішілеу қалалар саналған. Ірі шаһарларды билеушілер – даруға, кіші қалалардың қожалары – хәкім деп аталады. Шаһарлар мен қалашықтардың құзырына белгілі бір аумақтарға бөлінген датқалықтар қарады. Датқалық дегенді қазіргі географиялық ұғыммен айтсақ, бір немесе екі ауданның халқын әрі территориясын біріктірген орталық. Оны басқаратын датқаны шаһар даруғалары мен хәкімдері жергілікті қазақ руларының арасынан таңдаған. Ал оны бекіту – Ташкент билеушісінің құзырына жатқан. Өйткені Ташкент құшбегісі хандықта далалық қазақтарды басқарушы тұлға болып табылған.

1864 жылдың күзіне қарай Ресей отаршылдары Ұзынағаштан бастап, оңтүстік өңірін түгелдей жаулап алады. Мешеу тұрпаттағы әрі заманға сай өркениеттердің бірде-біріне қол жеткізе алмаған Қоқан хандығы заман талабына сай қарумен жарақтанған орыс әскерлеріне төтеп бере алмайды. Отаршылдарға қарсы қаншама қиян-кескі ұрыс жүргізсе де, қоқандықтар жеріміздегі үстемдігін ұстап тұра алмай, әп-сәтте күйреп түседі.

1865 жылдың 5 ақпанында отаршыл Ресей өлкемізде жаңа әкімшілік құрылым енгізді. Яғни, бұрын Қоқан қолының астында болған қазақ жерінде Түркістан облысын құрды. Алғашқы алты айда Түркістан облысының орталығы Шымкент қаласы болады. 1865 жылдың жазына таман ол Ташкентке көшірілді. 1867 жылдың 17-шілдесінде Ресей министрлер кабинетінің шешімімен Түркістан генерал-губернаторлығы құрылады. Оған – Сырдария, Жетісу, Самарқан, Закаспий, сәл кейінірек Ферғана облыстары кіреді. Оңтүстік өлке – қазіргі Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда және Жызақ, Ташкент облыстарының шығыс, шығыс-солтүстік ауданын қамтыған Сырдария облысына қарады. Сырдария облысы – Ташқазак (Ташкент), Жызақ, Самарқан, Ақмешіт, Түркістан, Әулиеата, Шымкент, Қазалы атты сегіз уезден тұрған. Уездер болыстықтардан тұрған. Шымкент уезіне жиырма үш болыстық қарайды. Түркістан тоғыз, Әулиеата он сегіз, Ташқазак жиырма бір болыстыққа бөлінген. Өлкені – генерал-губернатор, облыстарды – әскери губернаторлар, уездерді әскери шені подполковниктен кем емес орыс офицерлері басқарған. Болыстықтарды басқаратын болыстар 1904 жылға дейін әр үш жылда, 1905 жылдан кейін әр төрт жылға сайланған.

Патша өкіметінің 1897 жылғы кең көлемдегі санағы бойынша Сырдария облысында 1 млн. 413 мың халық тұрған. Соның 913 мыңы қазақтар болған. 1914 жылғы санақта 1 млн. 692 мың халық тұрса, оның 1 млн. 200 мыңын қазақтар құраған. Ал 1927 жылғы санақта мұндағы қазақтардың саны 1 млн. 300 мыңнан асқан.

Оңтүстік өңірі Ресей құрамына өткеннен кейін өлкемізде тарихта таңбаланған үш ұлы жұт өткен (1888, 1898, 1917-18 ж.ж.). Әсіресе соңғысы халыққа ауыр тиген. Т.Рысқұловтың есебі бойынша 1917-18 жылдардағы «Жылантақыр» деп аталған ұлы жұт – ашаршылықта Сырдария мен Жетісу облыстарында 400 мыңға жуық қазақ опат болған. Ал бұдан бір жыл бұрынғы, яғни 1916 жылғы патшаның айтулы жарлығына қарсы ұйымдастырылған көтерілісте екі облыста 100 мыңдай қазақ шейіт кеткен немесе басқа жаққа қоныс аударған.

Түркістан өлкесінде, оның ішінде Сырдария облысы аумағында 1918 жылдың көктемінде кеңес өкіметі толық орнап біткен. Сол жылы Ташкентте Түркістан АСР-і (кейін Түркістан АССР-і) құрылған. Сырдария мен Жетісу облыстары 1924 жылға дейін Қырғыз (Қазақ) АССР-ына қосылмаған. 1924 жылдың күзіне таман өзбек және тәжік ССР-ы құрылуына байланысты, аталған екі облыс қазақ автономиясына қосылған. Бірақ Ташкент пен оның айналасын- дағы бірнеше ондаған қазақтардың ата мекені болып табылатын уездер мен болыстықтар Өзбекстанға беріліп кеткен. Сол жылы Сырдария мен Жетісу облыстарының атауы губерния болып өзгертіледі және құрамындағы уездер іріленді. 1928 жылы бүкіл кеңестер елінде губерния атаулары жойылып, олар округ атына ауысты. Дәл сол жылы аудандар құрылады. Сырдария округі – 21, Жетісу – 12 ауданға бөлінеді. 1930 жылы округтер тарап, аудандар тікелей ел астанасы – Алматыға бағынады. 1932-33 жылдардағы қолдан ұйымдастырылған ашаршылықта Оңтүстік Қазақстан мен Алматы облыстарында 600 мыңдай қазақ аштан өліп, 300 мыңдайы шет ел асып кеткен.

1932 жылы бүкіл Қазақстанды алапат ашаршылық жайлап тұрған кезде ҚазАКСР орталық партия ұйымы мен атқару комитетінің шешімімен шын мәнінде кеңестік тұрпаттағы облыстар құрылады.



Соның бірі – қазіргі Жамбыл мен Қызылорда аумағын қоса қамтыған Оңтүстік Қазақстан облысы еді. Одан 1938 жылы Қызылорда, 1939 жылы Жамбыл облыстары бөлініп шығады. 1962 жылы Оңтүстік өлкесі құрылып, оған бұрынғы Сырдария облысына жатқан үш облыс түгелдей кіреді. 1964 жылы өлке жойылып, үш облыс өз алдына дербес үш облысқа айналады.

Айтпақшы, ислам діні де қазақ жеріне Оңтүстік арқылы енген. Қазақстанның ешбір жерінде дәл Оңтүстіктегідей ислам дінін таратушы ғұламалардың кесенелері мен іздері жоқ. Бүкіл қазаққа тарап, бата жасағанда «Сайрамда бар сансыз бап, Түркістанда бар түмен бап, Баптардың бабы – Арыстан бап, Ең үлкені – Кәлен бап, Шапағаттарыңды бере көр!» деп медет сұрайтын исламдық дәстүрге сай нанымдық ұғымға айналған сөздер де, Оңтүстік жерінің киелілігін меңзейді. Ендеше, Оңтүстік өлкесінің қазақ тарихында алар орны ерекше.